



«Бекітемін»
«Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейі» КММ :
А. Куанышев

«Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейі» КММ
2023-2024 оқу жылына арналған
әдістемелік жұмыс **ЖОСПАРЫ**

	Тақырыбы, қаралатын мәселелер	мерзімі	жауапты
1	Әдістемелік кеңес №1 Тақырыбы: «Жоспарлар, нұсқаулықтар, ақпараттар» 1. 2023-2024 оқу жылына әдістемелік кеңес жұмыс жоспарын бекіту. 2. Әдістемелік- нұсқау хатпен таныстыру. 3. «Инклюзивті білім кагидалары» 4. Пән апталықтарын өткізу жоспары 5. Мектептің қорытынды аттестацияға дайындылығы 6. Педагог қызметкерлерді аттестаттау туралы	Қыркүйек	Директордың ОЖ орынбасарлары
2	Әдістемелік кеңес №2 Тақырыбы: «Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі- сапалы білім берудің негізі» 1. Шеберлік сабақ: «Бастауыш сыныптарда шығармашылық жұмыс жасаудың тиімділігі» 2. Мектеп олимпиадасы (талаптар, дайындық жұмыстарды) ұйымдастыру 3. Нормативті құқықтық құжаттар 4. ББЖМ –ға дайындық жұмыстары 5. ҰБТ дайындық деңгейі, дайындық жұмыстарды) ұйымдастыру 6. Тілдер апталығының есебі, эстетикалық бірлестік апталығын өткізу туралы есебі	Қараша	Директордың ОЖ орынбасарлары Бірлестік жетекшісі
3	Әдістемелік кеңес №3 «Оқушының сөйлеу қабілетін дамытудың тиімді жолдары» баяндама 2. Үйірме жетекшілерінің есебі 3. Оқу қарқындылығын тексеру қорытындысы	Қантар	Директордың ОЖ орынбасарлары Үйірме

	<p>4. ҰБТ дайындық деңгейі</p> <p>5. LessonStudy зерттеу сабағы бойынша</p> <p>6.Бастауыш сынып апталығының қортындысы</p> <p>7.Педагог қызметкерлерді аттестаттау туралы</p>		жетекшілері Пән мұғалімдері
4	<p>Әдістемелік кеңес №4</p> <p>1.Оқу тәрбие ісінде СӨС қалыптастырудың маңыздылығы</p> <p>2. Аудандық, облыстық пәндер олимпиадасының қорытындысы.</p> <p>3. ҰБТ, ББЖМ дайындық деңгейі</p> <p>4. Жаратылыстану математика пәндерінің онкүндігін өткізу туралы</p>	Наурыз	Тәлімгерлер Пән мұғалімдері және ОДЖ директордың орынбасары Бірлестік жетекшісі
5	<p>Әдістемелік кеңес №5</p> <p>Тақырыбы: Жинақтау, қорытындылау, нәтиже шығару</p> <p>1. Әдістемелік бірлестік жетекшілерінің есебі.</p> <p>2. Педагог қызметкерлерді аттестаттау қорытындысы.</p> <p>3. Сабақтан кейінгі рефлексия</p> <p>4. ҰБТ дайындық деңгейі</p>	Мамыр	ӘБ жетекшілері Пән мұғалімдері

**«Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицей» КММ әдістемелік
отырысының**

№1 хаттамасы

29 тамыз 2023жыл.

Қатысқандар: *мектеп ұжымы*. Қатыспағандар: *жоқ*.

Тақырыбы: «Жоспарлар, нұсқаулықтар, ақпараттар»

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Жоспарлар, нұсқаулықтар, ақпараттар»

1. Тақырыбы: «Жоспарлар, нұсқаулықтар, ақпараттар»
2. 2023-2024 оқу жылына әдістемелік кеңес жұмыс жоспарын бекіту.
3. Әдістемелік- нұсқау хатпен таныстыру.
4. «Инклюзивті білім қағидалары»
5. Пән апталықтарын өткізу жоспары
6. Мектептің қорытынды аттестацияға дайындылығы
7. Педагог қызметкерлерді аттестаттау туралы

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша Нурмуханова Толқын Кадыровна 2023-2024 оқу жылында өткізілетін жұмыс жоспарына тоқталды. Қыркүйек айында: сабақ кестесін құру және бекіту; Тілдер апталағын өткізу. Қазан айында: 1-тоқсандық бақылау жұмыстарын өткізу; Әртүрлі сайыс тар мен конкурстарға қатысу, ӘБ отырысы; мектеп олимпиадасын өткізу. Желтоқсан айында: 1-жартыжылдық бақылау жұмыстарын өткізу; пән бойынша аудандық олимпиадаға қатысу; мұғалімдерді аттестаттау материалдарын дайындау; қаңтар айында: «Абай оқулары» конкурсын өткізу; ӘБ отырысы; жаратылыстану ғылымдары онкүндігін өткізу; ақпан айында: «Жас мамандар» апталығын өткізу, «Махаббат пен шығармашылық» онкүндігі, «Жыл мұғалімі» конкурсына қатысу; гуманитарлық бағыт апталығын өткізу; наурыз айында: ӘБ отырысы; мектептік аттестаттау комиссиясы; тоқсандық бақылау жұмыстарын өткізу; бастауыш сыныптар арасында пәндік олимпиада өткізу; «Кенгуру» конкурсына қатысу; мамыр айында: ӘБ отырысы «Жылдық жұмыс сараптамасы» оқу жылының аяқталу кеңесі; әкімшілік бақылау жұмыстары; «Мөлдір бұлақ» бастауыш сыныптар онкүндігі, тоқсандық есептер; жылдық есептер; жаңа оқу жылын жоспарлау жұмыстары. Маусым айында: есеп құжаттарын дайындау, 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспары құру.

Екінші сұрақ. Үй тапсырмасын орындау уақыты: 2-сыныпта-50мин, 3-4 сыныпта - 70мин, 5-6 сыныпта - 90 мин, 7-9 сыныпта - 110 мин, 10-11

сыныпта - 130 минуттан аспау керектігі, мектеп оқу жылының басынан бастап «Күнделік» сайтына енгізіліп, оқушылар мен ұстаздардың, ата аналардың логиндары мен құпия сөздері арқылы олардың оқушы журналына қолжетімді жағдай жасалғаны айтылды. Осы жоспарды бекітіп 2023-2024 оқу жылында негізіне алу.

Үшінші сұрақ бойынша педагогтер ӘНХ танысты.

Келесі сұрақ бойынша «Инклюзивті білім қағидалары». Ерекше білімді қажет ететін оқушылар саны биылғы оқу жылында мектебімізде 11 оқушы бар. Ең басты мәселе ол балалармен жұмыс жасай алу үшін арнайы курстан өтіп, мұғалім өзін дайындау керек. Әрине мұнда мұғалімнің шеберлігі аса маңызды. Мұндай балалардың тілін, көңілін таба алу мұғалімнің шеберлігін талап етеді.

Бесінші сұрақ бойынша Оспанова Г.Е. сөз сөйледі, аудандық білім бөлімінен 2023-2024 оқу жылында өткізілетін декадалар кестесі келді, осы кесте бойынша мектебімізде декадалар өткізіледі. Бірлестік жетекшілер декадалар ұйымдастырып уақытында жоспарларын және есептерін тапсыруыңызды сұраймыз.

Келесі сұрақ бойынша Нурмуқанова Т.К. сөз сөйледі: биыл біздің мектебіміз қорытынды аттестаттаудан өтеді, бұл 5 жылда бір рет келетін қорытынды. Алдын ала құжаттарыңызды дайындап, ереже бойынша жинап тапсырамыз. 4 және 9 сыныптар тесттен өтеді, сол себепте алдын ала дайындық жұмыстарды жүргізіп жақсы нәтижеге жетуіміз керек.

Оспанова сөз сөйледі. 2023-2024 оқу жылында тізім бойынша 6 мұғалім кезекті аттестацияға қатысады, бір мұғалім «педагог-зерттеуші санатынан «педагог- шебер» санатына ұсынылды, сонымен қатар бір мұғалім «педагог» санатынан «педагог-модераторға» тапсыру ұсыныс берді.

Қаулы қабылданды:

1. 2023-2024 оқу жылының әдістемелік кеңес жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Пән мұғалімдері әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген өзгерістерге сай оқу үдерісін ұйымдастырсын.
3. Кестеге сай сайтқа ақпарат жүктелінсін, қажетті ресурстары сабақта қолданылсын.
4. Қорытынды аттестацияға дайындық жүргізілсін, 4,9 сынып оқушылармен тестке дайындық жүргізілсін

Төрайым:  Т.К.Нурмуқанова

**«Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицей» КММ әдістемелік
отырысының
№2 хаттамасы**

2 қараша 2023 жыл.

Қатысқандар: *мектеп ұжымы*. Қатыспағандар: *жоқ*

Тақырыбы: «Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі-сапалы білім берудің негізі»

1. Шеберлік сабақ: «Бастауыш сыныптарда шығармашылық жұмыс жасаудың тиімділігі»
2. Мектеп олимпиадасы (талаптар, дайындық жұмыстарды) ұйымдастыру
3. Нормативті құқықтық құжаттар
4. ББЖМ –ға дайындық жұмыстары
5. ҰБТ дайындық деңгейі, дайындық жұмыстарды ұйымдастыру
6. Тілдер апталығының есебі, эстетикалық бірлестік апталығын өткізу туралы есебі

Тыңдалды: 1. Бірінші сұрақ бойынша бастауыш сынып әдістемелігі жетекшісі Ибраева А.А. «Шығармашылық - бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес жаратушы да. Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жанартылып, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, олар әрбір азаматтың жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана мектептерден өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын таңдай алатын азаматтар тәрбиеленіп шығады. Мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді, түрлі іс-әрекетке бағыттайды. Оқушылардың танымдық ізденімпаздығы қалыптастыруға бағытталған шақтар түрлері төртке бөлінеді: «танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әдіснамалық». Оқушылардың танымдық ізденімпаздығы арттыруда шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін өткізудің маңызы зор.

2. Келесі сұрақ бойынша Нурмуқанова Т.К. сөйледі. Жылдағыдай қараша айында мектепішілік олимпиада өткізіледі. Әр баланың жеке қабілетін

анықтап, шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту, оны сол бағытта жетелеу-ұстаз парызы, бүгінгі күннің басты талабы. Осыған орай біздің мектепте де оқушыларға арналған пән олимпиадасы өткізілді. Олимпиада қорытындылары желтоқсан айында мектепте жарияланып, жеңімпаздарға мадақтамалар табысталады. Пән олимпиадасы – оқушы білімін саралайтын сынақ. Мектепшілік пән олимпиадасы оқушылардың білім деңгейлерін анықтаумен шектелмей, олардың оқуға деген мотивациясын ояту, танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында өткізіледі.

Мектептегі олимпиаданың негізгі мақсаты:

- оқушының ой-өрісін кеңейту;
- оқушының пәнге қызығушылығын дамыту;
- мектепшілік, аудандық олимпиадаларда оқушының өзін көрсетуге дайындау, оқушымен жеке жұмыс жүргізуді ұйымдастыру.

4.Келесі сұрақ бойынша ОТЮ Оспанова сөз сойледі «2023-2024 оқу жылында 4 және 9 сынып оқушылар ББЖМ тапсырады, дайындық жұмыстарын алдын ала жүргізу қажет.

Мақсаты: оқушыларды ББЖМ тапсыруға сапалы дайындау үшін оңтайлы жағдайлар жасау Міндеттері:

- ББЖМ өткізу рәсімі бойынша оқушылардың нормативтік-құқықтық дайындығын қамтамасыз ету
- Оқушылардың МОДО тапсыру үшін қажетті теориялық және практикалық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қалыптастыру
- Оқушыларды ББЖМ - не психологиялық дайындау

ББЖМ-ға дайындық жұмыстары жүргізу жоспары құрылды. Алдын ала сыңк тестер өткізіледі.

5. 2023-2024 оқу жылында ҰБТ-ға қатысалын 11 сынып оқушылар саңы 24, нақты тестке катысадын – 24 оқушы.

ҰБТ – жауапкершілікті қажет ететін, бала шағыннан болашағына жасайтын үлкен кадам, маңызды сынақ. Алған білім дәреженмен жоғарғы оқу орнын да таңдауга мүмкіндігің болады. ҰБТ-дан қалай жоғары балл алсам болады, депрессияның тұтқыны болмас үшін қандай әрекеттердің ұшынан ұстауым керек? Осы және өзге де сұрақтардың жауабын тапқыңыз келсе, ҰБТ-ға дайындықтың ең тиімді жолын, ең ұтқыр кеңестерін пайдаланғаныңыз жөн.

♦ ҰБТ және мотивация. Мотивация – адамның ішкі жан дүниесін, ой-санасын, миын кезіп жүретін, оның алға ұмтылуына септігін тигізетін

еріксіз күш. Бұл сөз оңай айтылады. Дегенмен өзін жігерлендіретін түлектер қатары сиреп кеткен. Бізге сенсең, көпшілік өзін-өзі мотивацияландыра алмайды. Ең қиыны, олардың өз мақсаттары да жоқ. ҰБТ-ны нендей мақсатпен тапсыратынын түсінбейтіндер де жоқ емес. "Жоғарғы оқу орнына түссем болды, қалғаны өз жөнімен" деп өзін еркіне жіберетіндер де жетерлік. Ал енді сөздің төркініне келсек, мотивацияны адамдар әр нәрседен іздейді. Бірі – кітаптардан, енді бірі – жігерлендіретін – фильмдерден, я болмаса мотиваторларды да тындауды жөн санайды. Иә, бұл да дұрыс. Дегенмен осы тәсілмен алған мотивацияның ғұмыры тек 3 тәулікке ғана жетеді. Одан кейін "әрекеттің берекеті болады" деу қиын. Кез келген сынақты оңай өткеру үшін әр адам өз өткен өмірінен мотивация алса жеткілікті. Мұндай мотивация жақсы өмір сүруінің – ең ұтымды тәсілі.

6.Келесі сұрақ бойынша Теңсел Жанар қазақ тілі пәні мұғалімі сөз сөйледі. Тілдер апталығы бойынша есеп берді. Эстетика бірлестігінің жетекшісі Бекболат Қуаш жалғастырды, 9-20 қазан айында эстетика апталығы өткізілді. 09.10.23 ж көркем еңбек, музыка пәндерінің онкүндігі ашылу салтанаты болды.технология пәні мұғалімдері Устажанова .Л.А,Анкей Ханат және музыка пәні мұғалімі қызықты ойындар ,көрмелер арқылы ашылу салтанатын тартымды өткізді.

10.10.23ж көркем еңбек, музыка пәндерінің астыңғы бірінші қабатта фойеде фота алаң ашылды. Ұйымдастырған: Көркем еңбек, музыка пәндерінің мұғалімдері.

13.10.23ж 5А сыныбында "Пластикалық пішіндер өнері.Мүсіндеу» тақырыбында ашық сабақ өткізді.Мұғалім Устажанова.Л.А Топтарға бөліп,өзара бағалау әдісі қолданылды.Сабақ жақсы өткізілді.

13.10.23 Алтын күз байқауы өткізілді.Сыныптан тыс жұмыс.Өткізген Устажанова .Л.А және пән мұғалімдері.

13.10.23ж 5Б сыныбында "Натюрморт» тақырыбында ашық сабақ өткізді.Өткізген мұғалім Анкей Ханат. Топтарға бөліп,өзара бағалау әдісі қолданылды.Сабақ жақсы өткізілді.

16.10.23 Әсем ән мен тәтті күй 5-7 сыныптар арасында сайыс өтті.Пән мұғалімі Айтуған.А .Байқау нәтижесінде 9Б сыныбы жеңімпаз болды.

18.10.23 5Асыныбында "Қазақ халқының музыкалық мұрасы» тақырыбында ашық сабақ өткізді.Өткізген мұғалім Айтуған Амангелді.Топтарға бөліп,өзара бағалау әдісі қолданылды.Сабақ жақсы өткізілді.

20.10.23ж 8Асыныбында "Мозайка панно жасау технологиясы» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Өткізген мұғалім Рымбай Ермахан.Топтарға бөліп,өзара бағалау әдісі қолданылды.Сабақ жақсы өткізілді.

18.10.23ж 9АБсыныбында “Интересер бұйымдарды жасау технологиясы» тақырыбында шебер сағаты өткізілді.

19.10.23ж 7Бсыныбында “Кинусай» тақырыбында шебер сағаты өткізілді.Жауапты мұғалім Устажанова.Л.А

20.10.23ж 6 сыптар арасында сыныптан тыс жұмыс «Логикалық сайыс» өтті. Жауапты мұғалім Анкей Ханат

23.10.23ж Көркем еңбек, музыка пәндерінің онкүндігі қорытындыланды.Оқушылар марапатталды.ӘБ жетешісінің қатысуымен атқарыл іс- шаралар сараланды. Көркем еңбек, музыка пәндерінің апталықты жоғары деңгейде өткізді

Төрайым:  Т.К.Нурмуканова

"Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейі" КММ

Баяндама

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ
ЖОЛДАРЫ**

Ибраева Анар Абдильмажитовна

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС- ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Дайындаған ОТЖ директордың орынбасары Ибраева А.А.

Шығармашылық - бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Ойткені адам туынды ғана емес жаратушы да. Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны пешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, олар әрбір азаматтың жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талштын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана мектептерден өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын таңдай алатын азаматтар тәрбиеленіп шығады. Мектептің тірегі де, жүрегі де, білімнің тұтқасы да – мұғалім. Бала тағдыры қолына сеніп тапсырылып отырған басты тұлға да ұстаз екені де баршаға белгілі. Шығармашылық — бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкілхалықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жана ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді. Қазақ мектептерінде дидактикалық міндеттерді пешуде Ы.Алтынсарин үлкен үлес қосты. Алтынсариннің мұғалім міндеттері туралы, қалай оқыту керек, қалай оқу керек деген талаптары біздің зерттеулерімізде маңызы болды. Ы.Алтынсарин бойынша оқытудың жеке әдіс - тәсілдеріне: а) оқыту әдісі - бұл баланың білімге құштарлығын оятатын, кейіннен өз бетінше білім көтеруіне бастайтын жол; ә) сабақта баланың ой-әрекетін жағтықтыру. «Маңыздысы, оқушының өз бетінше ойлана білуі». Тәуелсіз елдің тірегі – білімді ұрпақ, өркениет біткеннің өзегі – білім, ғылым, тәрбие дейтін болсақ, осының барлығының бастауы – бастауып мектеп. Ал бастауыш буынның негізгі міндеті баланың жеке басын бастапқы қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілеттерін дамыту, адамзаттың асыл қасиеттерін оқушы бойына сіңіру. [1] Баланың шығармашылық іс-әрекеттерін, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарын тәрбиелеу ана тілі арқылы жүзеге асады. Ал ана тілін оқыту арқылы шығармашылық іс - әрекетті қалыптастыру дегеніміз - өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену. Осыған орай В.В.Давыдов: «Бастауыш мектепте шығармашылық қабілеттіліктерді оқу әрекетінде көрінеді, даму өнімі - оқуға құштарлық, ынталылық» - дейді. Ал шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз оқушыға оның бойында көрінбей тұрған мүмкіншіліктерін ашып көрсету. Осы міндеттерді орындауға мұғалімге бірден-бір керегі – дұрыс, тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап пайдалану. Мен өз тәжірибемде жаңа технологияларды қолдану арқылы біраз нәтижеге жеттім. Бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда оқушының өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді, түрлі іс-әрекетке бағыттайды. Оқушылардың танымдық ізденімпаздығы қалыптастыруға бағытталған шақтар түрлері төртке бөлінеді: «танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әдіснамалық». Оқушылардың танымдық ізденімпаздығы арттыруда шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін өткізудің маңызы зор. Мұндай түрдегі сабақтардағы түрлі оқу

жұмыстары оқушының шындық белсенділігін арттырып, оқу мен ойлау әрекетінің тиімді амал-тәсілдерін, яғни материалының негізгі ұғымдары мен тұжырымдарын айыру, жаңа материалды өткен материалмен салыстыру оларды белгілі жүйеге топтастырады және қорытындылау жасау сияқты амалдарды дайындауға үйренеді. Шығармашылық сабақтардың жоспарын жасауда оқушының шығармашылық әрекетінің бағдарына сәйкестендіріп, олардың қабілеттері, ескерілуі тиіс. Шығармашылық сипаттағы сабақтардың жоспарын жасау үшін тақырыбы, мақсаты, әрекет түрі және нәтижелері бір-біріне жуық байланысты сабақтарды топтастырып, тандап алуға болады. Жалпы бағдарламада көрсетілген пәндік сабақтардың әр тарауында жететін жетістіктері негізінде оқушылар білім алуға нәтижеге жетеді. [6] Оқушылардың шығармашылық әлеуетін көтеруді мұғалім алдына мақсат етіп қояды. Мұғалім оқушы күйіне кіріп, олардың тақырыпқа қатынас әрекетін ойлайды, өтілетін сабақтың проблемасына қажет жағдайда жоспарланған сабақ мазмұны мен оқыту әдістеріне түзетулер енгізеді. Сабақ тақырыбы бойынша мұғалім оқулықтар, кітаптар, әдістемелік кітаптар, басқа да материалдармен танысады. Мұғалім өзіне, оқушыларға мықты болатын мәселелерді іздестіреді. Осы мәселелер жөнінде көптеген материалдарды қарастырып, мамандардың пікірлерін ескере отырып, табу қажет. Оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады: 1. Балаларға белгілі тақырыпта әңгіме оқып, оқушыларға басқаша аяқтауға кілт боларлық сюжет ұсыну; 2. Әңгіменің, ертегінің сюжетін бастап беру, аяқтауды оқушыларға тапсыру; 3. Ертегіні ұжым болып тыңдау; 4. Ұнатқан кейіпкерлеріне мінездеме беру; 5. Қиялдау арқылы сурет салғызу, ролмен ойнау; 6. Арнайы тақырыпта пікірталас тудыру. Сыныбымыздағы әр оқушының пән бойынша ізденімпаздық деңгейлерін анықтаймын. Сонымен қатар пәнге қабілеттілігі, қызығушылығы анықталады. Шығармашылық әр оқушының жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін, танымдық іс-әрекеттері мен дағдыларының дәрежесін көрсетіп береді Шығармашылық ай қорытындысы бойынша ғылыми жұмысқа қабілетті оқушылар іріктеліп, белгілі бір тақырып бойынша ғылыми жұмыстар беріледі. Осындай шығармашылық жұмыс барысында оқушының бұрыннан білетініне жаңа мәліметтер қосылып, тәжірибесін практикада қолдану білігі қалыптасады.[3] Екінші сыныпта Б.Сокпақбаевтың «Бұрыл ат» әңгімесін өткенде жылқының жасына қарай аталуын және ат әбзелдерінің атауларын мынадай кестеге толтыруға болады. Жылқы жасына, түріне қарай: Құлын, жабағы, тай, құнан, байтал, сойтал, дөнен, бесті, қулық, бис, ат, сәурік; Құнан - екі жасқа толып, үш жасқа аяқ басқан еркек жылқы малы; Дөнен – үш жасқа толып, төрт жасқа аяқ басқан жылқы; Ат әбзелдері: Жүген, қамшы, тізгін, тартпа, үзенгі, ер, тоқым, құйысқан, өмілдірік; Үзенгі – атқа міну үшін ер-тұрман әбзелінің аяқ салатын бөлігі; Тартпа – ер-тоқымды ұстап тұратын бел тартпа; Өмілдірік – аттың омырауында бел тартпаны ұстап тұратын әбзел. Оқушылар жылқының жасына, түріне қарай қалай ажыратылатынынмен, ат әбзелдерімен танысады және сөздік жұмысы да қоса жүргізіліп кетеді. Әр сөзге мұғалім көмегімен түсініктемес беріледі. Баланың шығармашылық әрекетін ұйымдастыру барысында бала өзінің бұған дейінгі білетін амал-тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Танымдық қажетсіну ізденімпаздыққа апаратын жол екендігін, оқушы шығармашылық әрекетке қажетсізбейінше сапалы білім алу мүмкін еместігі белгілі болғандықтан, оқушылардың өзінің интеллектуалдық, жеке дамуына келергі келетін факторларды анықтау

мақсатында төмендегідей тест пайдаландым: «Ана тілі» пәнінен орындаған шығармашылық жұмыстары оқушылардың ойлау, мәтін құрастыру қабілетінің, өлең шығаруға да төселіп қалғандықтан сөздік қорының молдығын көрсетті. Өз тәжірибемде шығармашылығын дамытуда мынадай мәселелерге көзім жетті. - Оқушының өз бетінше білім алуға деген құштарлығы оялды; - Шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыланды; - Оқуға ынта-ықыласы артты; - Бір-бірінің ойын, пікірін сыйлауға үйренді; - Өз бойларына жақсы қасиеттерді жинауға үйренді; - Өз ойын қағазға түсіруді үйренді; - Оқушының жеке басын, ұжымды сыйлауға үйренді. Көрсетілген әдіс-тәсілдер бастауыш сыныптарға тиімді екендігіне көзім жетті. Осыларды пайлану арқылы оқушының білімге деген қызығушылығын оятып, терең ойлау қабілетін, белсенділігін қалыптастыруға болады. Бұған дейін оқушы мұғалім мен оқулыққа ғана бағынатын болса, енді ол сыни тұрғыдан ойланyp, өз ойын дәлелдей алатын тұрғаға айналды. Оқушылардың тілін, ойын, еркін сөйлеуін дамытып, топпен жұмыс істеу кезінде бір-бірін тыңдай білуге үйретеді. Әрбір мұғалімнің басты міндеті оқушының жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, талантын, шығармашылығын ашу. Ұлы ғалым Д.И.Менделеев мұғалімдердің ғылымның сарқылмас көзін ашудағы еңбектерін жоғары бағалаған. «Ғылымды сүйген және жақсы меңгере білген мұғалім ғана оқушыларына терең де мағыналы білім бере алады» деген. Болашақта өркендеті елдердің жоғары технологиясын меңгерту, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу – бүгінгі күннің мақсаты. [7] Іс- тәжірибелерді қорытындылай келіп, мынадай түйін түзуге болады: 1. Осы шығармашылық тапсырмаларды пәндерге бейімдеп қолданудан, оқушылардың қызығушылығы артады. 2. Оқушылардың білім сапасы көтеріледі. 3. Оқушының дарынды тұлға, шығармашылық шеберліктері пайдаландығының нәтижесін көруге болады. 4. Қазіргі заман талабына сай тұлға қалыптасады. 5. Оқушылардың логикалық ойлауы, шығармашылық іс- әрекетке қабілеттері артады. 6. Әр мұғалім болашақ үшін қызмет істейді. Ол әр оқушыны жеке тұлға ретінде көріп, оның өміріндегі өз орнын табуына, сынып ұғымын қалыптастыруға, ата- аналармен ынтымақтасуға көмегі тиері сөзсіз. Мен еңбек етіп отырған орта мектебінде бастауыш сыныптарында жеке бас ерекшеліктерінің дамуына жол ашу шығармашылық тұлға қалыптасудағы жұмыс түрлері жүйелі жолға қойылған. Осы атап айтқанда мектептің 4сыныбында дәріс беремін.» Дамыта оқыту технологиясын пайдалана отырып, заман талабына сай құзіретті тұлға қалыптастырып, шығармашылығын дамыту» өзекті тақырыпты жүзеге асыру мақсатында оқушылардың білім білік дағдыларын жүзеге асыру мақсатында шығармашылыққа баулып отырдым. Озық технологияларын пайдалану, мұғалім мен оқушы құзіреттілігін қалыптастыру, білім сапасын арттырып, жақсы нәтижелерге қол жеткізуді көздедім. «Өз оқушысын оята алған ұстаз, ғылымның арнасын ағатын қайнар бұлақ тәрізді, оқушылар осы қайнардың ағытулы, сәтін дер кезінде сезініп, зейінін түтіктерін тоса қоюға дағдылануы керек» деген Я.А.Коменскийдің сөзімен аяқтаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер. 1.Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары, Алматы, 1994, 285б. 2.Әбілқасымова А. Познавательная самостоятельность в учебной деятельности студента. - Алматы: Санат, 1998. -158 с. 3. Сабыров Т.С. Оқушы жастардың танымдық әрекетін рттырудғы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануға мұғалімді даярлаудың теориялық негіздері: п.ғ.д... дисс. 13.00.01. – Алматы, 1996. - 278 с. 4. К.Ж.Бұзаубақова « Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру» Алматы , 2002ж. 5. Т.Мейірманқұлова « Білім берудегі инновациялық технологиялар», Алматы, 2000ж. 6. «Бастауыш класс оқушыларының ой өрісін дамытудың кейбір тиімді әдістері» Ақтобе қаласы,

Қазақстан Республикасы
Ақмола облысы
Бұланды ауданы
«Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицей» КММ

БҰЙРЫҚ

020500, Макинск қаласы
Яглинский көшесі, 19
Тел.: 2-34-98

№
«25» желтоқсан 2023ж.

**Мектепшілік пән олимпиадалар
өткізу туралы.**

БҰЙЫРАМЫН:

I. 2023ж. 28- 29 желтоқсан күндері 5-11 сыныптар арасында мектепшілік пән олимпиадалары өткізілсін.

II. Мектепшілік пән олимпиадаларын өткізу мақсатында төмендегідей комиссия мүшелері тағайындалсын:

28 желтоқсанда жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша:

Комиссия төрайымы: Нурмуқанова Т.К.
Мүшелері: Хасихан Еңлік
Қажаканова Г.Т.
Бейсенбаева Р.Ж.
Жанбуршинов Р.К.
Ерболат Ж.
Нуртазина А.Ж.
Тенсел Б.
Тенсел Ү.

29 желтоқсанда қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша:

Комиссия төрайымы: Нурмуқанова Т.К.
Мүшелері: Теңсел Жанар
Теңсел Назгүл
Бекебаева Г.М.
Қуандықова Н.Д.
Жаркина Ж.С.
Ермек Е.
Хамина Г.З.



Балуан Шолақ ат.мектеп-лицейінің басшысы
А.Е.Куанышев

**2023-2024 оқу жылында білім алушылардың білім жетістіктерінің
мониторинг жүргізуге арналған дайындық жоспары**

р/с	мазмұны	мерзімі	жауапты
1	4,9 –шы сыныптар бітірушілері туралы толық ақпарат, мәліметтер жинақтау(база)	қыркүйек	ДЮО, сынып жетекшілері
2	Білім алушыларға бағаны дұрыс қойылуын бақылау	жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
3	ББЖМ-ға дайындық барысын бақылауын директордың қатысуымен болатын жиында ӘО, ӘБ отырыстарында талқылау	жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
4	ББЖМ туралы нормативті-құқықтық құжаттармен мұғалімдерді, оқушыларды, ата –аналарды таныстыру	қазан айы	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер
5	Пән мұғалімдерімен «ББЖМ дайындығын» зерделеу	қазан айы	Мектеп әкімшілігі
6	Сыныптарда «ББЖМ - ға дайындық» стенд жасау	қазан айы	Сынып жетекшілер
7	Психологиялық тренингтер өткізу	айына 1 рет	Психолог
8	Пәндер бойынша тоқсандық, жартыжылдық бақылау өткізіп диагностика жасау	кесте бойынша	Пән мұғалімдері Сынып жетекшілер
9	Оқушылардың компьютерде жұмыс жасауы		Пән мұғалімдері Сынып жетекшілер
10	Пән мұғалімдерінің жоспарларың, сабақ кестелерің бақылау. Сабақтарға қатысу	айына 1 рет, аптасына 1 рет	ДЮО
11	Төмен балл жинаған оқушылармен қосымша жұмыс жүргізу жоспарлары	үнемі	Пән мұғалімдері
12	Аралық бақылау	аптасына 1 рет	Мектеп әкімшілігі

Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг тестілеуіне қатысу бойынша дайындық туралы ақпарат

"Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі
Макинск қаласының Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейі" КММ

ББЖМ тестілеуіне 4 және 9 сынып оқушылары түсті. 4 сыныпта 60, 9 - 43 оқушы. Барлығы қатысады.

Оқушылармен дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Компьютермен қалай жұмыс істеу керек. Қандай тапсырмалар болады екенін айтылып, ұқсас тапсырмалар орындалып жатыр. Сонымен қатар психологта өз жұмыстарын атқарып жатыр.

4сыныптарда 2 рет, 9 сыныптар оқушыларымен 1 рет тест жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар педагогтар мен ата - аналармен де жұмыстар атқарылып жатыр.

Дайындық жұмыстарына дайындауға материалдар жеткіліксіз болып жатыр.

Мектепте тест өткізілетін кабинет дайындалды. 23 компьютер тексеріліп дайын тұр. Сонымен бірге ноутбуктарда дайындалып жатыр.



ҰБТ –ға дайындық

2023-2024 оқу жылында ҰБТ-ға қатысады 11 сынып оқушылар саны 24, нақты тестке қатысады – 24 оқушы.

ҰБТ – жауапкершілікті қажет ететін, бала шағында болашағына жасайтын үлкен қадам, маңызды сынақ. Алған білім дәрежемен жоғарғы оқу орнын да таңдауға мүмкіндігің болады. ҰБТ-дан қалай жоғары балл алсам болады, депрессияның тұтқыны болмас үшін қандай әрекеттердің ұшынан ұстауым керек? Осы және өзге де сұрақтардың жауабын тапқыңыз келсе, ҰБТ-ға дайындықтың ең тиімді жолын, ең ұтқыр кеңестерін пайдаланғаныңыз жөн.

◆ ҰБТ және мотивация

Мотивация – адамның ішкі жан дүниесін, ой-санасын, миын кезіп жүретін, оның алға ұмтылуына септігін тигізетін еріксіз күш. Бұл сөз оңай айтылады. Дегенмен өзін жігерлендіретін түлектер қатары сиреп кеткен. Бізге сенсең, көпшілік өзін-өзі мотивацияландыра алмайды. Ең қиыны, олардың өз мақсаттары да жоқ. ҰБТ-ны неңдей мақсатпен тапсыратынын түсінбейтіндер де жоқ емес. "Жоғарғы оқу орнына түссем болды, қалғаны өз жөнімен" деп өзін еркіне жіберетіндер де жетерлік. Ал енді сөздің төркініне келсек, мотивацияны адамдар әр нәрседен іздейді. Бірі – кітаптардан, енді бірі – жігерлендіретін – фильмдерден, я болмаса мотиваторларды да тыңдауды жөн санайды. Иә, бұл да дұрыс. Дегенмен осы тәсілмен алғап мотивацияның ғұмыры тек 3 тәулікке ғана жетеді. Одан кейін "әрекеттің берекеті болады" деу қиын. Кез келген сынақты оңай өткеру үшін әр адам өз өткен өмірінен мотивация алса жеткілікті. Мұндай мотивация жақсы өмір сүруіңнің – ең ұтымды тәсілі.

◆ Уақытты тиімді басқару

Үздіксіз кітаптан бас алмай, таңғы 7-ден түнгі 12-ге дейін дайындалу, жақсы нәтиже бермейді. Себебі барлық сабақты бір күнде оқу, сан түрлі сұрақтарға бір күнде жауап табу мүмкін емес. Таптың делік, оқыдың, алайда ол сенің миыңда ұзақ уақыт тұрақтамайды. Миға түскен күш әсерінен жаттаған мың бір сұрағыңның, ары кетсе 10-ы есінде қалады. Сол үшін уақытты тиімді басқару қажет. 1 пәнге 1.5-2 сағат жұмсау арқылы, бір тәулікте 6-7 сағатыңды дайындық көзіне айналдыр. Қалған уақытта қыдыр, серуенде, бойыңды сергіт.

◆ Сұрақ жаттаудың оңай жолы

Ұзақ мәтінді оқып, оны түгел жаттап алу – өте қиын. Сондықтан кесте құру арқылы, инфографика, түрлі карталар, интерактивті тақталарды қолдану арқылы жүргізілген дайындық жемісті болады.

◆ Қатемен жұмыс жасау – жақсы нәтиженің кепілі

Тестте жіберген қателіктерді қарап, түзету енгізіп, қайта жаттауға көбі ерінеді. Ал оның қаншалықты пайдалы екенін олар түсінбейді. Жіберген қателікті қайталамау – өте маңызды!

◆ Дұрыс режимді қолға алу

ҰБТ-ға дайындалу, тамақтан, ұйқыдан бас тарту дегенді білдірмейді. Мида релаксты қажет етеді. Миға сақталған жаңа жауаптар ұзаққа тұрақтау үшін қатты күш түсіруге болмайды.

◆ ҰБТ-ға арналған курстар

Қазақстанда неше түрлі онлайн, оффлайн курстар бар. Сенуге тұрақты курстардан бас тартпаған жөн. Ондай курстардың пайдасы зор.

Ал сіз ҰБТ-ға қалай дайындалып жүрсіз?



Мектеп директоры
Аманжолбеков А.Е.

Келісемін:
Оқу ісін
менгерушісі:
Нурмуканова Т.К.

Көркем еңбек, музыка пәндерінің онкүндік жоспары
09.10- 20.10.2023ж

№	Тақырыбы	Сыныптар	Мерзімі	Сабақ, уақыт	Жауапты мұғалімдер
1	Салтанатты сапта апталыстың аяғалуы	9 сыныптар	09.10.23		Устажанова Л.А. Айтуған А. Анкей Х.
2	«Көркем еңбек, музыка пәндерінің» фото алаңың жасау.		10.10.23		Устажанова Л.А. Айтуған А. Анкей Х.
3.	2023-2024 оқу жылындағы «Боюлар құпиясы» жас суретшілер республикалық байқауы	5 сынып	12.10.23		Устажанова Л.А.
4	Ашық сабақ: «Пластикалық пішіндер өнері. Мүсіндеу.»	5 «А»	13.10.23	2- сабақ	Устажанова Л.А.
5	«Алтын күз» мерекенің іс-шарасы	5,6,7 сыныптардың арасында	13.10.23	14.00	Устажанова Л.А. Шайтөкей Ш. Бекебаева Г.М.
6	«Дизайн және пішім» көрмесі	5,6,7 сыныптардың арасында	13.10.23		Устажанова Л.А. Рымбай Е.
7	Ашық сабақ «Натюрморт»	5 «Б» сынып	13.10.23	3- сабақ	Анкей Х.
8	«Визуалдық өнер» және «Сәндік-қолданбалы өнер» көрмелері		16.10.23		Анкей Х. Устажанова Л.А. Рымбай Е.
9	«Әсем ән мен тәтті күй» сайысы	5,6,7,8, 9, 10 сыныптардың арасында	16.10.23	13.00	Айтуған А.
10	Ашық сабақ «Қазақ халқының музыкалық мұрасы»	5 «А»	18.10.23	2- сабақ	Айтуған А.
11	«Интерьердік бұйымдарды жасау технологиясы» шебер-сағат	9 «А,Б»	18.10.23	4,6 сабақ	Устажанова Л.А.
12	«Кипусай» шебер сағат	7 «Б»	19.10.23	5- сабақ	Рымбай Е.
13	Ашық сабақ «Мозайка панно жасау технологиясы»	8 «А»	20.10.23	1- сабақ	Рымбай Е.
14	«Логикалық сайыс» сабақтан тыс	6 «А,Б,В»	20.10.23	7- сабақ	Анкей Х.
15	Онкүндіктің жабылуы		23.10.23	Салтанатты сабақ	Қорытындылау

**«Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицей» КММ әдістемелік
отырысының**

№3 хаттамасы

5 қаңтар 2024 жыл.

Қатысқандар: *мектеп ұжымы*. Қатыспағандар: *жоқ*

1. «Оқушының сөйлеу қабілетін дамытудың тиімді жолдары».
2. Үйірме жетекшілерінің есебі.
3. Оқу қарқындылығын тексеру қорытындысы.
4. ҰБТға дайындық деңгейі.
5. LessonStudy – сабақ зерттеу.
6. Бастауыш сынып апталығының қортындысы.
7. Педагог қызметкерлерді аттестаттау туралы.

1. Бірінші сұрақ бойынша директордың ОТЮ Ибраева А.А берілді: «Біздің алдымызда отырған жас ұрпақ-ертеңгі егемен еліміздің болашағы, халық тағдырын шешетін азаматтар. Өскелең ұрпақтың тілді дұрыс пайдалануы, оның сөздік қорына тікелей байланысты екенін білеміз. Балалар білім негіздерін бастауыштан алады. Сондықтан мектептерде тілді оқыту жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді. Тіл арқылы балаға барлық ғылым негіздері үйретіледі. Тілді оқыту бала алғаш мектепке келген кезден бастап жүргізіледі.

Оқушы қалпына түскен баланың айналадағы дүниетаным өрісінің аумағы артып, тілінің дамуына, осының салдарынан жеке тұлғасының жан-жақты қалыптасуына әсер ететін бастауышта жүретін «Әдебиеттік оқу» пәнінің орны ерекше. Пән – бастауыш сынып оқушыларының ауызша және жазбаша тілін дамытуды, яғни сөздік қорын байытуды, байланыстыра және грамматикалық тұрғыдан жүйелі сөйлеуге үйретуді, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды көздейді. Ұлттық тәрбие, рухани-мәдени құндылықтар, ана тілі және қазақ халқының салт-дәстүрі негізінде сусындаған жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Адамның ішкі рухани жан дүниесімен байлығын ашуға, адамгершілікке тәрбиелеуге, тілі мен қиялын дамытуға мүмкіндік береді. Сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру. Жаңашыл әдіс-тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлауына және қиялына негізделіп келеді, баланың терсінде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлетуге пікірін айтып оны дәлелдей алуға үйретеді.

Әдебиеттік оқытуда сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, тәжірибелік әдіс, түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс немесе репродуктивтік әдіс, эвристикалық (ішінара іздендіруші) әдіс, зерттеу әдісі, өзіндік жұмыс әдісі, мәнерлеп оқудың орны ерекше.

Біздер ұстаздар оқытудың мақсатын жүзеге асыру үшін ең тиімді деген әдіс-тәсілдерін сұрыптай отырып пайдалануымыз керек.

Сонымен қатар, іс-тәжірибемізде оқу мен жазуда сын тұрғысынан ойлау технологиясын үнемі пайдаланып отырамыз. Атап айтсақ, ассоциация құру, сәйкестендіру, Блум таксоманиясы, дамыта оқытудың РАФТ, екі жақты күнделік, сиқырлы таяқша, әңгіме кестесі, кейіпкерге хат, автор орындығы, стратегияларын пайдаланып келеміз, әдеби ойындар, оқырмандар мәслихаты, әдеби викториналар, мәнерлеп оқу сайыстарын жиі өткізіп отырамыз.

2. 1 жартыжылдығында мектебімізде келесі үйірмелер, секциялар жүргізіледі: футбол, Асық ату, Баскетбол, Волейбол, Дойбы. Үйірмелер, секциялар кестеге сәйкес өткізіледі. Оқушылар белсенді қатысады, сонымен қатар мектепшілік, аудандық және облыстық сайыстарға қатысады.

3. Бастауыш сыныптарында ана тілі пәні – балалардың негізгі құралы. Оқуға үйрету сауат ашу кезеңінен басталады.

Кей бір оқушылар дыбыс, буын сөз, сөйлемдерді саналы дұрыс, анық, дауыстап оқуы талап етіледі. Сондай-ақ мәтінді оқу кезінде сөз мәніне, мағынасына назар аудару, сөйлемдер арасындағы байланысты түсіну, сол арқылы мәтін мағынасын түсініп, айтып беруге үйрену, сөйтіп түсініктерін біртіндеп күрделену бағытында мәнерлеп оқуды жетілдіру мақсаты көзделеді.

Оқуға үйретуге қойылатын негізгі талап – дауыстап, мәнерлеп және іштен оқуды меңгерту.

Ұсыныс: оқу жылдамдығы қорытындысы бойынша аталған сынып мұғалімдеріне ұсыныс.

1. Жақсы оқитын оқушылармен жұмысты жалғастыру;
2. Қосымша әдеби кітаптар оқыту,
3. Кітапхана сағаттарын ұйымдастыру;
4. Оқу жылдамдығы төмен оқушылармен ата-анасымен бірлесе отырып жұмыс өткізу.

4. Келесі сұрақ бойынша директордың ОПО Оспанова сөз сөйледі «11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауға және ҰБТ-ға дайындықтарын бақылау жұмыстары өткізіледі. Сыныпта жалпы – 24 оқушы, ҰБТға қатысатын 24 оқушы. Қысқы демалыс күндеріне оқушылармен кесте бойынша ҰБТға дайындық жұмыстар өткізіледі. Қантар айында оқушылар ҰБТға қатысады». 24 оқушыдан, 23 оқушы ҰБТға тіркеліп қантардың 29 және 30 қатысады.

5. Сұрақ бойынша ОПІ орынбасары Т.К.Нурмуқанова сөйледі: «Lesson Study мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтеруде, білімін жетілдіруде, тәжірибе алмасуда өте тиімді зерттеу сабағы болып табылады. Lesson Study тәсілін сабақта қолдану арқылы оқушылардың оқудағы

белсенділіктерін арттырып қана қоймай, мұғалімдерге әріптестерінің зерттеу сабағын бақылауға, бақылау барысында жақсы әдіс-тәсілдермен бөлісіп, оны болашақта шығармашылықпен қолдануға мүмкіндік туады. Сонымен, L.S. зерттеу сабағының тиімділігіне тоқталсам:

- Мұғалімдер арасында кәсіби диалогты қалыптастырып, дамытады.
- Ұжымдық мәдениетті қалыптастырады.
- Мұғалімдердің назарын оқушылардың білім қажеттіліктеріне аударады.
- Бағдарламаны, ғылыми тұжырымдамаларды терең түсінуге көмектеседі.
- Мұғалімдер кәсіби педагогикалық білімін дамытады.
- Мұғалімдер сабақты бақылау және кері байланыс беру дағдыларын қалыптастырады.
- Мұғалімдер білімнің ғылыми мағынасына түсінеді және зерттеушілерге айналады.
- Оқушының оқуы жақсарады.
- Функционалдық сауаттылығы дамиды.
- Қоғамға қажетті тұлға болып қалыптасады.

Lesson study – дің басты мақсаты: Оқушыларға білім алуға көмектесу; Топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету. Зерттеу сабағын жүргізу үшін L.S. зерттеу тобын құрдық. Зерттеу тобында осы бағдарламаны игерген мұғалімдер болды. Зерттейтін сыныпты таңдауда, пән мұғалімдерімен бірлесіп ақылдаса отырып, зерттеуге 5 сыныбын алдық. Себебі, ол сыныпта бастауыш сыныптан жоғарғы сыныпқа көшкенде әртүрлі мұғалімдерге бейімделуінде қиындықтар болды. Келесі кадам – проблеманы анықтау болды. Осы мақсатта пән мұғалімдері сабақтағы проблемаларын Лессон Стади бұрышына жазып, бірнеше проблемалар анықталды.

6. Бүгінгі жас ұрпақ- ертеңгі ел тірегі. Ендеше сапалы білім мен саналы тәрбие ұштасқанда ғана ұлт тілегі, мемлекет пен халық мүддесі орындалмақ. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Білім және ғылым қызметкерінің II съезінде сөйлеген сөзінде «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер- бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстаздарға жүктелетін міндет өте ауыр»- дегенін естен шығармауымыз керек. Жаңа ғасыр ерекше кезең. Бұл кезеңде ғасырлар бойы жинақталған іс-тәжірибелерімізге, бай мұраларымызға

талдау жасалынып, жіктеліп, ойларымыз қорытылып, нәтижесінде белгілі бір жүйеге келу-өмір талабы «Адам ұрпағымен мың жасайды», «Не ексең соны орасың»- дейді қазақ нақылы. Замана ағымына лайықты қазіргі кезде алдымызда тұрған міндет халқымыздың ұлттық дербестігін сақтай отырып, еліміздің барынша қабілетті елу елдің қатарына қосу. Сол өркениетті елдер санатына қосылуына ықпал жасайтын еліміздің ертеңгі болашағы- жастарға білім мен тәрбие беретін- мектеп болады. Қазақтың дарынды ұстазы

А.Байтұрсынов «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек.»-деген екен.Ертең осы елге ие болып,тізгінін ұстар азаматтар-бүгінгі мектеп оқушылары.Бүгінгі бастауыш сынып балаларына арналған жана буын оқулықтары жанаша оқытуды,баланың оқуына ықпал ететін оқыту әрекетін ұйымдастыруды талап етеді.Баланың жеке басын дамытудың басты кепілі-сабақтың әрекет теориясына сәйкес ұйымдастырылуы тиіс. Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейінде бастауыш сынып бірлестігінің онкүндігі өткізілді. Тақырыбы: «Мәңгілік елдің – болашағымыз». Бастауыш сынып мұғалімдері оқу үдерісін жетілдірумен қатар баланың шығармашылық, жас және жеке ерекшеліктерін ескере отыра, рухани-адамгершілік, эмоционалдық және дене дамуын қамтамасыз ету керек. Сол себепті де бастауыш сынып жетекшілері апталық жоспарын құра отыра, алдына келесі міндеттер қойды: - оқушының оқуға деген оң мотивациясын қалыптастыру; - сабақ және сыныптан тыс шараларды қызықты өткізу формаларын қолдана отыра, барлық балаларды оқу және тәрбие үдерісіне тарту. Өткізу принциптері: әрбір бала апталықтың барлық шараларына белсене қатысушы болып табылуы керек. қарашаның 13-24 аралығында бастауыш апталығы өткізілді. Апталық жоспар бойынша өтті, барлық өткізілген іс шараларға оқушылар белсене қатысты.

7. Сұрақ бойынша директордың ОПО Г.Е.Оспанова сөз сөйледі: «Аттестаттау бойынша жана форматтағы ережелер шыққан жоқ. Бірақ дайындық жұмыстары өткізіліп жатыр. Бүгінгі күнге дейін 6 педагогтың санаттары бұйырық бойынша 2024 жылдың маусым айына дейін ұзартылды, 1 педагог шеберге, 1 педагог сарапшыға, 2 педагог модераторға өтініш берді. 2023-2024 оқу жылының 2 жартыжылында аттестаттаудан өтетін, 4 мұғалім өтеді.

ШЕШІМІ:

- 1.Оқушының сөйлеу қабілетін
2. Үйірмелерді кесте бойынша өткізу, оқушыларды сайыстарға қатыстыру.
3. Оқу қарқындылығын уақытында тексеру.
4. ҰБТға дайындық күшейту.
5. LessonStudy кезендерін тәжірибеге енгізу.
- 6.Педагог қызметкерлерді аттестаттауына дайындық жұмыстарын өткізу,

Директордың ОПО:

Т.К.Нурмуканова